

**2011 жылда ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына тұрғын үй сатып алу үшін көтерме жәрдемақы мен әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 241 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қаңтарда N 13-11-202 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012 жылғы 28 маусымдағы N 04-05-92 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012.06.28 N 04-05-92 хаты)**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 7-бабының 3-тармағы 4) тармақшасына, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысының 2-тармағына сәйкес аудандық м ә с л и х а т

### **Ш Е Ш Т І :**

1. 2011 жылда ауданның елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына :

- 1) жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
- 2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау – айлық есеп айырысу көрсеткіштің бір мың бес жүздік мөлшерінен асып түспейтін (аспайтын) сомасындағы бюджеттік кредит.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерті енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2011.09.14 N 289 Шешімімен**

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*С. Звольский*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Н. Трифонов*

